

ТІЛДІК НОРМА  
ЖӘНЕ ДАҒДЫ



# ТІЛ

– адам қатынасының, ойлаудың, мәдениеттің аса маңызды құралы, өмірдің ұлы қаруы.

Қарым-қатынас майданына түскен сайын бұл құралдың икемділігі артып, шындала береді. Бірақ тілдің мұндай қасиеті оның қызмет етуіне, жетілуі мен дамуына айырықша көңіл бөліп, шынайы қамқорлыққа алып отырудың барысында ерекше жандана түседі.


Әдеби тілдің ауызша және жазбаша түрін қатар дамытып, оның қоғам өміріндегі қызметінің өрістей түсуіне мүмкіндік жасау, түрлі ауытқулардан арылтып отыру, небір күрделі ойдың әрқилы нәзік айырымдарын тіл арқылы дәл, анық жеткізе білуге көпшілікті тәрбиелей түсу т. б. тіл мәдениетін көтеру деген ұғымды білдіреді. Тіл мәдениеті мен сөз мәдениеті деген терминдер кейде тайталас ұғымда жұмсалады. Өзара мағыналас болғанмен, бұлардың бір-бірінен айырмасы да жоқ емес. Тіл мәдениеті дегеннің ұғымы кең. Ол көбінесе қарым-қатынас құралы болып табылатын, тілді жетілдіре беру, ұштай түсумен қатар сөз шеберлігі, сөйлеудегі әдептілік тәрізділерді де қамтиды. Әсіресе, соңғы ұғымдарға қатысты қарасақ, сөз мәдениетіндегіміз қарым-қатынас құралын қалай игеріп, өмірде қалай пайдаланып жүрміз, оның әр қилы амал-тәсілдерін дұрыс, дәл, тиімді қолданып, мазмұнды, әсерлі етіп жұмсай алдық па дегенге саяды.



*Әдеби тіл, оның шарттары  
берілген анықтамалар, әдеби  
тілдің нормалық  
белгілері, түрлері*



Әдеби тіл нормасы белгілі кезеңде тілдік құралдарды қоғамдағы барлық адамдарға ортақ орнықты түрде қолдану үлгісі. Әдеби норма диалектілерге, ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлеріне қарсы қойылады. Сондықтан оған жүйелілік, реттілік, баршаға міндеттілік, функционалды-стильдік жіктеліс тән. Осы тұрғыдан әдеби норманы функционалды стиль нормаларының біріккен жүйесі деп қарасақ, стилистикалық норманы әдеби норманың функционалды стильге қатысты көрінісі деуге болады. Басқаша айтқанда, әдеби норма *жалпы нормаға және жеке, функционалды-стилистикалық нормаға* ажыратылады. Ол стильдерді, стилшілік тармақтарды бір бүтін әдеби тіл жүйесіне біріктіреді.





СОНЫМЕН, СӨЗ МӘДЕНИЕТІ АЛДЫМЕН ӘДЕБИ ТІЛДІҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ, ЛЕКСИКАЛЫҚ, СТИЛИСТИКАЛЫҚ, ОРФОЭПИЯЛЫҚ, ОРФОГРАФИЯЛЫҚ НОРМАЛАРЫН МЕНГЕРУ, СОНЫМЕН БІРГЕ БЕЙНЕЛЕУШІ, КӨРІКТЕУШІ АМАЛ-ТӘСІЛДЕРДІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МАЗМҰНЫНА САЙ ЕТІП ҚОЛДАНА БІЛУ ДЕГЕНДІ БІЛДІРЕДІ.

ДҰРЫС СӨЙЛЕП, ДҰРЫС ЖАЗА БІЛУГЕ ДАҒДЫЛАНҒАН, ӘДЕБИ ТІЛ НОРМАСЫНА ТӨСЕЛГЕН АДАМНЫҢ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ ДЕ, ЖАЗҒАНЫ ДА КЕДІР-БҰДЫРСЫЗ БОЛЫП, ЖАТЫҚ ШЫҒЫП ЖАТАДЫ. ТІЛ АМАЛДАРЫН ДҰРЫС ҚОЛДАНЫП, ӘДЕБИ ТІЛ НОРМАСЫН САҚТАП, ОДАН ЖӨНСІЗ АУЫТҚЫМАУДЫ СӨЗ ЖАТЫҚТЫҒЫ ДЕП ТҮСІНУГЕ БОЛАДЫ. ТІЛ АМАЛ-ТӘСІЛДЕРІН ДҰРЫС ЖҰМСАУҒА, СӨЗ ЖАТЫҚТЫҒЫНА ҒАНА ҚАНАҒАТ ЕТІП ҚОЮ ЖЕТКІЛІКСІЗ. СӨЙЛЕУШІНІҢ СӨЗІ ӘДЕБИ ТІЛДІҢ НОРМАСЫНА САЙ, ДҰРЫС ЖҰМСАЛУЫ ЖӘНЕ «ТІЛГЕ ЖЕҢІЛ, ЖҮРЕККЕ ЖЫЛЫ ТИЕТІНДЕЙ», ОЙ МЕН СӨЗІМДІ ДӘЛ ЖЕТКІЗЕ АЛАТЫНДАЙ ӘСЕРЛІ БОЛУЫ ДА ҚАЖЕТ.

ТІЛДЕ ТОЛЫП ЖАТҚАН АМАЛ-ТӘСІЛДЕР БАР. СОЛАРДЫҢ ІШІНЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАУДЫҢ МАҚСАТЫНА САЙ КЕЛЕТІН АСА ҚАЖЕТТІСІН ТАЛҒАЙ БІЛУ АРҚЫЛЫ ОЙ МЕН СӨЗІМДІ ДӘЛМЕ-ДӘЛ ЖЕТКІЗЕ БІЛУ ШЕБЕРЛІГІ – СӨЗ МӘДЕНИЕТІНІҢ БИІК ШЫҒЫ. МҰНДАЙ ШЕБЕРЛІК ЕҢ АЛДЫМЕН ТІЛ АМАЛДАРЫН ӘДЕБИ ТІЛ НОРМАСЫНА САЙ, ДҰРЫС ҚОЛДАНУДАН, СӨЗ ЖАТЫҚТЫҒЫНАН БАСТАЛАДЫ. ОНДАЙ ҚАСИЕТКЕ ИЕ БОЛҒАНДА ҒАНА БАРЫП СӨЙЛЕУШІ, ЖАЗУШЫ СӨЗ БАЙЛЫҒЫ, СӨЗ ТАЗАЛЫҒЫ, СӨЗ ДӘЛДІГІ, СӨЗ ӘСЕРЛІЛІГІ ТӘРІЗДІ Т. Б. САПАЛАРМЕН ТЫҢДАУШЫСЫН Я ОҚУШЫСЫН БАУРАП АЛЫП ОТЫРАДЫ.



Тілдік норма дегеніміз - тілдегі бірізділік, тіл материалдарын нормалау деген сөз, белгілі бір тәртіп, заңдылыққа бағындыру. Тілдік норма тілдің ішкі заңды жүйелері негізінде дамып қалыптасады, олар сұрыпталған, ұтымды орайында, жалпыға бірдей ортақ түрінде жұмсалады. Ол тәртіпті орнататын да, оның иінін қандыратын да әдеби тіл. Тілдің дыбыс жүйесі, сөз байлығы, сөз мағыналары, тілдің грамматикалық құрылысы - бәрі қалыптасқан заңды ерекшеліктерге негізделеді. Халық тілінің сан қабат байлығы басы бір жерге қосылмайтын бытыраңқы құбылыс емес. Олардың бәрінде әдеби тілге негіз боларлықтай заңдылықтар бар. Қазақ әдеби тілі халық тілінен өзіне керегін таңдап-талғап, сұрыптап алып, оларды жалпы жұртқа ортақ етіп, халықтың тіл мәдениеті дәрежесі жоғары болу үшін оларды бірізге түсіреді.

Тілдік норма әдеби тілдің нормасы арқылы реттеліп отырады. Әдеби тіл нормасы өзгермейтін, сірескен қатаң қағидаларға құрылған жүйеге ғана емес, динамикалық қасиетке ие дағдыға да сүйенеді. Мәселен, тілдік жүйе бойынша тізгінде, шылбырла, бұзаула, ботала, т.б. қолданылатын сөздер қатары ара-тұра ауытқуға жол береді. Салыстырыңыз: ат тұсады дегенді ат тұсаулады, қой қоздады дегенді қой қозылады деу тілдік жүйеге кереғар болмағанымен, бірақ дағдыға айналып, дәстүрге енген құбылыс емес. Кейбір сөздерді қолдануда тілдік жүйе мен тілдік дағды қайшы келіп жатады. Қозыла деп қолдану тілдік жүйенің қысымы, әсер-ықпалы екенін байқау қиын емес. Ат ертте дегендегі ерттедіні ерле деп қолдану да соған ұқсас: Көкем атты ерледі, ерлеп жүріп терледі (Манашыұлы Тұяқбай). Тілдік жүйе бойынша ерле болуға тиіс (салыстырыңыз: шідер-ле, жыр-ла, түр-ле (текеметке түр басу, т.б.). Кей жағдайда тілдік жүйе мен тілдік дағды айнымас бірлікте болса, кейде өзара қайшылықта болып күреске түседі. Тілдік жүйе бойынша ерле болуға тиіс сөздің ертте болуы жүйеге қарағанда дағдының басым түсуінен деп түсіну керек.



# ТІЛДІК НОРМА ЖӘНЕ ДАҒДЫ

Тілдік норма мен дағдының өзара қатынасы. Әдеби тіл тілдің құралдары тырнанып, сұрыпталған, қоғам мүшелеріне ортақ кодификациялық нормасы бекітілген, стильдері қалыптасқан тіл. Әдеби тіл функционалды қарым-қатынас жасаудың ауызша және жазбаша формаларында қолданылады. Қоғамдық өмір қалыптастырған түрлі сала қажеттігін өтеп, тілдік ұжым мен мүшелерінің мүдделерін орындайды.

Қазақ әдеби тілі - жоғарыда көрсетілген әдеби тіл белгілеріне ие сан ғасырлық тарихы бар, тілдік элементтері бірізді жүйеге түсірілген, тілдік ұжымның бар саладағы қажетін өтеудегі мүмкіндігі жететін жол. Кемелденген қазақ тілінің сөздік байлығы функционалды қарым-қатынастың қай саласына да талабына жауап бере алады.

Күнделікті тіршіліктегі қарым-қатынасты жүзеге асырушы сөйлеу тілі мен жазба тіл арқылы кітабилық сипатқа ие болған функционалды стильдер әдеби тіліміздің негізгі бөлінісіне жатады.

Осы салалардағы қарым-қатынас әдеби тілдің бес түрлі стильді тармақтапры арқылы жүзеге асады:

- oo ғылым, білім, оқу ағарту саласы - ғылыми стиль;
- oo құқықтық сала, заңнама - ресми стиль;
- oo қоғамдық-саяси сала-публицистикалық сала;
- oo көркем шығармалар тілі - көркем әдебиет стилі;
- oo тұрмыстық қатынас саласы - сөйлеу тілі стилі.

Қазіргі қазақ әдеби тілі қоғамдық өмірдегі осы аталған бес салада қызмет етуге бейімделген, яғни аталған бес саланың қалыптасқан арнаулы атаулары, сөз құрылымдары, сөйлеу дағдылары, мәтін түзу ережелері бар.



Қарым-қатынастың ресмилік және бейресмилік сипатына қарай жоғарыда көрсетілген бес стильдік тармақ екі салаға бөлінеді:

а) қарым-қатынастың ресми түрі - кітаби тіл.

ә) қарым-қатынастың бейресми түрі - сөйлеу тілі.

Әдеби тілдің заңдастырылған нормасы - сөзді дұрыс қолданудың, грамматикалық амал-тәсілдерді дұрыс пайдаланудың көпшілік таныған, тіл тәжірибесінде сыннан өткен қағидалары. Тіл мәдениеті әдеби тілдің нормасы туралы білім саласы ретінде пайда болғаны мәлім. Тілдік норма - әдеби тіл туралы ұғымның ең бір өзекті элементі. Сөйлеуде, жазуда тіл амалдарын дұрыс қолдана білу әдеби тіл нормасын сақтау дегенге саяды. Тілдік норма алдымен тілдік жүйемен (системамен) салыстырыла қарастырылады. Мен оқыдым, сен жаздың, ол үйге барды тәрізді құрылымдардың жақтық мағыналарын өзгеше қиыстырып айтуға болмайды. Затты тәуелдеп айтып көріңіз: менің кітабым, сенің кітабың, оның кітабы. Қазақ тілінде сөйлеушілердің бәріне ортақ септеудің де жүйесі бар. Міне, осыған қарағанда, тілдік жүйе мен тілдік норма тепе-тең құбылыс тәрізді көрінеді. Бұл тілдік жүйе мен тілдік норманың бірлігін көрсетеді. Сондықтан тілдік норманың арқауы тілдік жүйе болып табылады. Бірақ тілдік жүйе мен тілдік норма тепе-тең құбылыс емес.

Тіл - жүйелі құбылыс. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесінде - ла, -ле, (-да, -де, -та, -те) сияқты аса құнарлы қосымшалар есім сөзден етістік тудырады: аяқ-та, бас-та, көз-де, су-ла, ау-ла, шөл-де т.б. Сөз тудырудың дәл осы жүйесі бойынша кез келген зат есімге - ла, -ле, (-да, -де...) қосымшасын жалғауға болатын сияқты. Бірақ жүйе бойынша баула, жүкте, сыйла деп айтқанымызбен, кірпікте, соғымда, кітапта деп айтуға болмайтыны белгілі. Неге? Себебі бұлай деу жүйеге (системаға) қайшы болғанымен, дағдыда жоқ. Міне, осыған байланысты белгілі бір тілдік қолданысты норма деп тану үшін оның тілдік жүйеде болуы немесе норманың тілдік жүйемен жарыспалы болуы жеткіліксіз.



Тілдік норма тілдің ішкі заңды жүйелері негізінде дамып қалыптасады, солар сұрыпталған, ұтымды орайында, жалпыға бірдей ортақ түрінде жұмсалады. Тілдік норма дегеніміз – тілдегі бірізділік, тіл материалдарын нормалау деген сөз, белгілі бір тәртіп, заңдылыққа бағындыру.

Ол тәртіпті орнататын да, оның иін қандыратын да әдеби-тіл. Тілдің дыбыс жүйесі, сөз байлығы, сөз мағыналары, тілдің грамматикалық құрылысы – бәрі атам заманнан келе жатқан заңды ерекшеліктерге негізделеді. Халық тіліндегі сан алуан байлықтар басы бір жерге қосылмайтын бытыраңқы құбылыстар емес. Олардың бәрінде әдеби тілге негіз боларлықтай заңдылықтары бар. Сонымен қатар ауызекі халық тілінде ол заңдылықтардан жөнді-жөнсіз ауытқитын әдеби нормадан тыс жатқан құбылыстар да бар.

Қазақ әдеби тілі халық тілінен өзіне керегін тандап-талғап, сұрыптап алып, оларды жалпы жұртқа ортақ етіп, халықтың тілі мәдениеті дәрежесі жоғары болу үшін, оларды бір ізге түсіреді. Ол ұзын-сонарлы процесс бірер жылда аяқтала қоймаса керек, көптеген әдебиеттер арқылы әдеби тілдің түрлі даму кезеңдерінде тіл нормалары түрлі себептермен өзгеріп, белгілі бір дәуірде олар басқаша айтылып, басқаша жазылып, жаңа нормалар орнығуы да мүмкін.



ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ӘДЕБИ ТІЛ ХАЛЫҚТЫҢ АУЫЗЕКІ ТІЛ НЕГІЗІНДЕ ЖАСАЛҒАН ДЕЙМІЗ. Бірақ ауызекі тілде, ауыз әдебиеті тілінде бар нәрсенің бәрі әдеби норма деп танылмайды. Әдеби тіл солардан керегін таңдап, талғап, жазба әдебиет елегінен өткізіп алып, нормаға айналдырады. Сондықтан әдеби тіл — белгілі дәрежеде тәртіптелген, жүйеленген тіл. Оның құрамындағы тіл байлықтары, әсіресе жаңадан енген сөздер, тіл жұмсаушылардың бәріне бірдей қызмет етуге тиіс. Осыны түсінген адам “мал аласынан сөз аласы жаман” дегенге қол қояды да, әдеби тілде қалыптасқан нормаларды сақтауға тырысады. Жазу арқылы нормаланбаған тіл қаншама көркем болғанмен, “әдеби тіл” деген ұғымға дәл келмейді. ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ АЛҒАШҚЫ ЛАБОРАТОРИЯСЫ — ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БАЙ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ. Осылардың тілі қазақша, көпшілігі жатық, көркем болғанмен, жалпы алғанда, тілдік нормалары орнықты болмаған, ала-құлалығы мол болғандықтан, қанша мақтағанмен, олардың тілі “тәртіптелмеген” тіл деп танымыз. Олар, ауызекі сөйлеу тілінде кездесетін құбылыстардың бәрі, екшелмей, сұрыпталмай, әр жерде әр түрлі вариантта жұмсала берген. Фольклор тілі — халық тілінің, ауызекі тілдің байлықтарының алтын қоры бола тұрып, күрмегінен айырылмаған күрештей, екшеу, елеу-елегінен өтпегендіктен, шын мәнінде “әдеби тіл” үлгісіне жатпайды. Бірақ онда да тілдік нормалар бар. Халық тіліне тән лексикалық, грамматикалық нормалардың дені тілдің ішкі заңы бойынша орныққан жүйелер орайында жалпы халық тілінде жұмсала береді, бірақ оларда кодификация жоқ. Ал әдеби тіл сондағылардың бәрін емес, тиімділерін талғап пайдаланады, бұрын болмаған жаңа нормалар (мысалы, орфографиялық, пунктуациялық, терминологиялық, орфоэпиялық) орнатады. Айналып келгенде, әдеби тіл және тілдік норма бірінсіз-бірі болмайтын, бір бүтіннің екі жағы сияқты. Тілдік нормалардың беріктігі — әдеби тіл дәрежесінің жоғары екенін көрсетеді.



